

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Металл ақша дизайнының тұжырымдамасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 11 қарашадағы N 3745. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2003.09.25. N 1193 жарлығымен.

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 30 наурыздағы N 2155 Заң күші бар Жарлығының 15-бабының в) тармақшасына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Металл ақша дизайнының тұжырымдамасы бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1997 жылғы 11 қарашадағы
N 3745 Жарлығы мен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Металл ақша дизайнының тұжырымдамасы

1. Осы Тұжырымдама (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің металл ақша (бұдан әрі - металл ақша) дизайнына қойылатын негізгі сипаттамалар мен талаптарды белгілеуді.

2. Металл ақша дизайнын жасауға мынадай талаптар қойылады:

1) мүмкіндігінше Қазақстанның ұлттық-мәдени және тарихи ерекшеліктерін, елеулі тарихи оқиғаларды, мәдениет ескерткіштерін, Республиканың аса көрнекті қайраткерлерін, мәдениет және спорт саласындағы жетістіктер мен оқиғаларды жоғары бейнелеу деңгейінде орындау;

2) мемлекеттік рәміздерді, шығарылған жылы мен нақты құнын міндетті түрде көрсету;

3) металл ақшаны жасаған кезде эстетикалық жағынан тартымды және денсаулыққа зияны жоқ материалдарды пайдалану;

4) құны жоғары металл ақшаны қолдан жасаудан қорғаудың қажетті деңгейін және металл ақшаның диаметрі мен салмағының басқа мемлекеттердің металл ақшасының диаметрі мен салмағынан барынша өзгеше болуын қамтамасыз ету.

3. Металл ақшаны жасаған кезде қаржыны үнемдеуге және оның оңтайлы механикалық ерекшеліктерінде және айналысқа бөлу мерзімінің ұзақтығына қол жеткізу мақсатында, сондай-ақ осы Тұжырымдаманың 2-тармағында санамаланған тараптар мен Қазақстанда қолданылатын металл ақшаны жасау технологиясын ескере отырып, ол мыс-никель қорытпасынан соғылады.

4. Металл ақшаның әмиссиясы кезінде әрбір төлем операциясында металл ақшаның ең аз санын пайдалануға мүмкіндік беретіндей металл ақша қатары ескеріледі. Металл ақшаның ең төменгі нақты құны 1 (бір) теңге болып белгіленеді.

5. Қазақстан Республикасының металл ақшасының нақты әмиссиясының құнын, техникалық өлшемдері мен дизайнын осы Тұжырымдама негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы белгілейді.

6. Қазақстан Республикасында айналысқа, сол сияқты мерекелік, естелік, инвестициялық және басқа арнайы соғылған, металл ақша шығарылуы мүмкін, оны жасауға қымбат бағалы материалдар (оның ішінде асыл металдар) пайдаланылады, оған металл ақшага ерекше кескін беретін және оның нақты құны бойынша төлем құралы ретінде де, сондай-ақ коллекциялау, инвестициялау, нақты құнынан ерекшеленетін басқа құн бойынша кәдеге жаратылатын зат ретінде де айналыста болуына мүмкіндік беретін ақша соғудың күрделі технологиясы мен көркем безендіру әдісі қолданылады.